

"2006 жылғы Украинадағы Қазақстан жылын өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 наурыздағы N 151 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.20. N 1225 қаулысымен.

Қазақстан-украин қарым-қатынастарын одан әрі нығайту және дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2006 жылы Украинадағы Қазақстан жылын өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ**

2006 жылы Украинадағы Қазақстан жылын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты жандандыру мен байланыстарды нығайту және Қазақстан Республикасының Президенті мен Украина Президенті кездесулерінің барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2006 жылы Украинадағы Қазақстан жылы өткізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Украинадағы Қазақстан жылын дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрсын және көрсетілген іс-шараны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті